

Аудандық мәслихаттың 2013 жылғы 11 желтоқсандағы № 170-V "Алушылардың жекелеген санаттары үшін әлеуметтік көмек көрсету еселігін және әлеуметтік көмек мөлшерін, атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесін белгілеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Мақат аудандық мәслихатының 2017 жылғы 26 сәуірдегі № 102-VI шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 2 мамырда № 3845 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Мақат аудандық мәслихатының 2021 жылғы 11 қарашадағы № 59-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Мақат аудандық мәслихатының 11.11.2021 № 59-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-3 тармағына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес және аудан әкімдігінің қаулысын қарап, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2013 жылғы 11 желтоқсандағы № 170-V "Алушылардың жекелеген санаттары үшін әлеуметтік көмек көрсету еселігін және әлеуметтік көмек мөлшерін, атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесін белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 2822 санымен тіркелген, "Мақат тынысы" газетінде 2013 жылғы 19 желтоқсанда жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1, 2-қосымшалары осы шешімнің 1, 2-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың экономика мен бюджет, өнеркәсіп, кәсіпкерлікті дамыту және заңдылықты сақтау жөніндегі тұрақты комиссиясына (Б. Аманғалиев) жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2017 жылдың 1 сәуірінен бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

Аудандық мәслихаттың
кезектен тыс XII сессиясының
төрағасы
Аудандық мәслихат
Хатшысы

Б. Аманғалиев

Қ. Исмагулов

Мақат аудандық мәслихатының 2017
жылғы 26 сәуірдегі № 102-VI шешіміне
1-қосымша

Мақат аудандық мәслихатының 2013
жылғы 11 желтоқсандағы № 170-V
шешіміне 1-қосымша

Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесі, сондай-ақ әлеуметтік көмек көрсетудің еселігі

№	Атаулы күндер мен мереке күндері	Еселігі
1	Отан қорғаушы күні	Жылына бір рет
2	Чернобыль атом электростанциясындағы (бұдан әрі - Чернобыль АЭС) апаттың зардабын жою күні	Жылына бір рет
3	Жеңіс күні	Жылына бір рет
4	Балаларды қорғау күні	Жылына бір рет
5	Мүгедектер күні	Жылына бір рет

Аббревиатураны таратып жазу:

АЭС – атом электр станциясы

Мақат аудандық мәслихатының 2017
жылғы 26 сәуірдегі № 102-VI шешіміне
2-қосымша

Мақат аудандық мәслихатының 2013
жылғы 11 желтоқсандағы № 170-V
шешіміне 2-қосымша

Алушылардың жекелеген санаттары үшін атаулы күндер мен мерекелеріне әлеуметтік көмектің мөлшері

№	Әлеуметтік көмек алушылардың санаттары	Атаулы күндер мен мереке күндері	Әлеуметтік көмектің мөлшері, теңге
	1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері;		

2) қорғанысына қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелді қалаларда Ұлы Отан соғысы кезінде қызмет атқарған әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары;

3) Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық қызмет атқарған Совет Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдама құрамаларының адамдары, яки сол кездерде қорғанысына қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептеледі қалаларда болған адамдар ;

4) қоршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және " Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен әрі " Қоршаудағы Ленинград

тұрғыны" белгісімен Желі күні

наградталған азаматтар;
5) екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстау орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындары;
6) бұрынғы КСР Одағын қорғау кезінде, әскери қызметтің басқа да міндеттерін (қызмет міндеттерін) атқару кезінде жаралану, контузия алу немесе зақымдану нәтижесінде қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе майданда болуына байланысты ауруға шалдығу салдарынан қайтыс болған әскери қызметшілердің, партизандардың, астыртын күрес жүргізгендердің,
Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі № 2247 "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы " Заңның 5,6,7 және 8-баптарында көрсетілген адамдардың отбасы;
7) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған адамдар.
1)бұрынғы КСР Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес

басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан - Совет Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы КСР Одағы Ішкі істер министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегенде); жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер; ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері; бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшулар жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілері; Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жараланған, контузия алған немесе зақымданған, яки ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған жұмысшылар мен қызметшілер;

2) бұрынғы КСР Одағын қорғау кезінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа уақытта орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан немесе

майданда болуына Отан қорғаушы күні
байланысты, сондай-ақ
Ауғанстанда немесе ұрыс
қимылдары жүргізілген
басқа мемлекеттерде
әскери міндетін өтеу
кезінде ауруға шалдығуы
салдарынан мүгедек
болған әскери
қызметшілер;

3) Ауғанстандағы немесе
ұрыс қимылдары
жүргізілген басқа
мемлекеттердегі ұрыс
қимылдары кезеңінде
жараланудың, контузия
алудың, зақымданудың
немесе ауруға
шалдығудың салдарынан
қаза тапқан (
хабар-ошарсыз кеткен)
немесе қайтыс болған
әскери қызметшілердің
отбасы.

1) 1986-1987 жылдары
Чернобыль АЭС-індегі
апаттың, сондай-ақ
азаматтық немесе әскери
мақсаттағы Чернобыль АЭС-дағы
объектілердегі басқа да апатты жою күні
радиациялық апаттар мен
авариялардың
зардаптарын жоюға
қатысқан, сондай-ақ
ядролық сынақтар мен
жаттығуларға тікелей
қатысқан адамдар;

2) 1988-1989 жылдардағы
Чернобыль АЭС-індегі
апаттың зардаптарын
жоюға қатысқан,
оқшаулау аймағынан
Қазақстан
Республикасына қоныс
аудартқан (өз еркімен
көшкен) адамдар қоныс
аудартқан күні анасының
күрсағындағы балаларды
қоса алғанда;

3) Чернобыль АЭС-індегі
апаттың, азаматтық
немесе әскери мақсаттағы
объектілердегі басқа да
радиациялық апаттар мен

авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдар, сондай-ақ ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуы себебінен генетикалық жағынан мүгедек болып қалған олардың балалары.

4	Бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектер	Мүгедектер күні	20000
5	Мүгедектік тобы белгіленген тұлғаларды қоспағанда, бала мүгедегі	Балаларды қорғау күні	20000

Аббревиатураны таратып жазу:

АЭС - атом электр станциясы;

КСР - Кеңестік Социалистік Республикалар.